

Мұғалімдер арасында
«Тәуелсіз елдің спорт сүйер ұстаздары» атты
Футзал спорт түрінен аудандық турнирдің
ЕРЕЖЕСІ

I. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- Мұғалімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- Мұғалімдер арасында достық қарым-қатынасты орнату;
- Спорт түрін насихаттау;

II. ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

15 желтоқсан күні сағ 09:00-де Мондаттық комиссия басталады.

Жарыстың ашылу салтанаты: Т.Рысқұлов ауданы, Лугавой ауылы,
Спорт кешені сағ 09:00-де.

III. ҚАТЫСАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

Жарысқа жалпы орта білім беретін мектеп, лицей, гимназия, Қосымша білім беру мектептерінің мұғалімдерінен құралған құрама командалары қатысады.

Ескерту: Кіші қызметкерлер және 6 айлық 12 айлық жас мамандар жарысқа қатыса алмайды.

- Командалардың өзіндік спорттық киімдері болуы тиіс,

Команданың құрамында басқа мекеме қызметкерлері болмауы тиіс

Команда құрамы – 8 адам

Турнир 2 кезеңде өтеді: аймақтық және аудандық .

1. **Аймақ:** Ә. Бөкейханов о/м, №1 мектеп лицейі, №2 о/м.
2. **Аймақ:** Ш. Уалиханов о/м , Құлан м/г, Ю.Гагарин н/м, №6 мектеп-гимназия.
3. **Аймақ:** Қ. Сұлтанбеков о/м, А. Байтұрсынов о/м, Ақтоған о/м,
4. **Аймақ:** Абай о/м, Б. Момышұлы о/м, М. Әуезов т/м, Қ.Сатпаев о/м,
5. **Аймақ:** Т. Рысқұлов м/л, М. Горький о/м, Т.Аубакиров н/м.
6. **Аймақ:** Ақбұлақ о/м, №3 о/м, Қорағаты о/м.
7. **Аймақ:** Болтай батыр о/м, №5 о/м, Ы. Алтынсарин о/м,
8. **Аймақ:** Жамбыл о/м, Р. Смаилов о/м, Ақыртөбе о/м, Малдыбай о/м,
9. **Аймақ:** Алғабас о/м, №4 о/м, Бірлес о/м, А. Шынасилов о/м,
10. **Аймақ:** Қосымша білім беру мекемелері.

Жарыстың басшылығын Тұрар Рысқұлов ауданы білім бөлімі жүргізеді. Жарыс өткізілу барысында басшылықты ұйымдастыру комитеті бекіткен бас төрешісі мен төрешілер алқасына жүктеледі.

Сонымен қатар, төмендегі талаптардың орындалуын қатаң бақылауға алуын ескертеді:

Қатысуға командалық сұраныс парағында (дәрігердің қолы, мөрі қойылған рұқсаты болуы тиіс).

IV. Жүлдегерлерді марапаттау:

Жарыста I, II, III орын алған команда арнайы медаль, кубок және Аудандық білім бөлімінің дипломдарымен марапатталады.

V. ӨТІНІМ

Командалардың жарысқа қатысу туралы тапсырысы 13 желтоқсан күнге дейін: arnat.madzhit@yandex.kz поштасына жіберілуі тиіс

VI. Тәртіпсіздік әрекеттер мен санкциялар

Ойыншылар.

Ойыншының судьяларға, қарсыластар мен көрермендерге қарсы дөрекілік әрекеттері, әдепсіз сөйлегені, демонстрациялық түрде допты лақтыруы және басқа да ұқсас әрекеттері төрешіге қарсылық ретінде қарастырылады; Мұндай жағдайда ойыншыны жазалау халықаралық ресми Ережеге сәйкес орындалады.

Командалар.

Команда ойыншылары өрескел тәртіп бұзушылық жасаған жағдайда, жаттықтырушылар команда басшылығынан шеттетіледі, сондай-ақ спорт ғимаратынан, ал команда ойыншылары жарыстан шығарылады (төбелес, спорт тәртібін бұзу, спорттық мүліктерді қирату және т.б.).

Тұрар Рысқұлов ауданы білім бөлімі командаға, команда өкілі мен жаттықтырушыларға көрсеткен өрескел сорақылық әрекеттері үшін шара қолдануға, сонымен қатар, турдың бас төрешісінің шешімін қайта қарап, олардың айыпшұл санкциясын ұлғайтуға құқылы.

ҮЛГІ:

**Мұғалімдер арасында аудандық
«Футзал спорт түрі»
ТАПСЫРЫСЫ**

№	Аты-жөні	Туылған жылы айы-күні	Спорт түрі	Жұмыс орны	Дәрігердің қолы